

ЕЛДІК ПЕН ЕРКІНДІКТІҢ АЙБЫНЫ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының
мерекелік құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары, қадірменді жерлестер!

Сіздерді ұлт мерейін асырып, елдік пен егемендіктің айшықты белгісіне айналған 25 қазан – Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – халқымыздың тәуелсіздікке деген ұмтылысы мен мемлекетіміздің іргесін қалаған тарихи сәттерді еске түсіретін айрықша мереке. 1990 жылы дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сондықтан Республика күні – ел тағдырындағы аса маңызды белес, ұлттық бірлік пен татулықтың, демократиялық құндылықтардың мерейі үстем мейрамы. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері паш етілді. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың әл-ауқаты – бәрі де егемен еліміздің ең басты жетістігі. Бұл табыстардың барлығы – Сіздердің еңбектеріңіздің, елге деген сүйіспеншіліктеріңіздің және ортақ мүдде жолындағы ынтымақ пен бірліктің нәтижесі.

Осы мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен бақ-береке тілеймін!

Отанымыз – Қазақстан Республикасының абыройы асқақ, болашағы жарқын болсын! Мереке құтты болсын!



Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №42 (95147) 24 қазан 2025 ж.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараға қатысушыларды зауыттың ашылуымен құттықтап, бұл еліміздегі машина жасау саласын дамыту бағытындағы өте маңызды қадам екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде KIA Sportage автокөлігінің өндірісі іске қосылғанын еске салды. Бүгін KIA Motors корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонға және компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, ауқымды жұмыс атқарылғанын, нәтижесінде өзара тиімді және жемісті байланыс нығая түскенін атап өтті.

– Жалпы, бүгінгі айтулы оқиға Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық серіктестік пен табысты қарым-қатынастың жарқын көрінісі екені анық. Корея Республикасы – Қазақстанның Азиядағы сенімді әріптесі. Біз ынтымақтастығымызды күшейте түсуге мүдделіміз. Қазір Қазақстанда Кореяның 800-ден астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде автокөлік жасау саласын өзара тиімді ықпалдастық көзі деп айтуға толық негіз бар. Бүгін ашылып жатқан бірегей зауыт – соның айқын дәлелі. KIA корпорациясы автомобиль шығаратын әлемдегі 10 ірі компанияның қатарына кіреді. Сондай-ақ KIA – Қазақстан азаматтары ең көп сатып алатын үш көлік маркасының бірі. KIA брендінің атауы «көтеріліп келе жатқан» және «Азия» деген екі иероглифтен құралуының символдық мәні бар. Шын мәнінде, компания Азияның жаңа экономикалық өрлеуі мен гүлденуінің жарқын көрінісіне айналды. KIA – келешектің корпорациясы. Кәсіпорын шығаратын автокөліктерде озық технология, тартымды дизайн және жоғары деңгейдегі сенімділік үйлесім тапқан, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев KIA компаниясы әлеуметтік жауапкершілік аясында адам капиталын дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келе жатқанына

Мемлекет басшысы телекөпір арқылы KIA Qazaqstan автомобиль зауытын ашты



тоқталды.

– Әлемдік автоалпауыт еліміздегі зауытты іске қоспай тұрып, Қазақстан және Корея университеттерімен, колледждерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қоя бастады. Бұдан бөлек, білікті кадрларды даярлау үшін компания корпоративтік оқу орталығын ашуды жоспарлап отыр. KIA осы арқылы қызметкерлерге қамқорлық – ұйым мәдениетінің маңызды бөлшегі екенін көрсетеді. Бұл шынайы құрмет пен ниеттестік ортасын қалыптастырады. Жұмысшы мамандарға дәл осындай қарым-қатынас қоғамда еңбекқорлық пен әлеуметтік әділдік құндылықтарының орнығуына септігін тигізеді. Зауытта өндіріс локализациясына екпін қойылып

отыр. Бұл шығарылатын өнімдегі қазақстандық үлесті едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың есебінше, автозауыттағы әрбір жұмыс орны логистика, сервис, инфрақұрылым салаларында жанама түрде бес-алты адамды жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Бұл – жай ғана өндіріс желісінің кеңеюі емес, толық өнеркәсіп кластерін қалыптастыру үшін жасалған зор қадам. Мұндай жүйеде шағын және орта бизнес тұрақты дамуға мүмкіндік алады. Өндірісті ұйымдастырудың осындай кешенді тәсілі Қостанай облысының ғана емес, тұтас еліміздің индустриялық әлеуетін күшейтеді. KIA зауыты қазақстандық автоөнеркәсіптің өркендеуіне тың серпін

беретініне сенімдімін. Жаңа кәсіпорынның жұмысы отандық автопарктің жаңаруына септігін тигізеді. Ол қалалар мен күре жолдардағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне оң әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттің машина жасау саласына баса мән беретінін жеткізіп, Үкіметке экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін нақты шаралар әзірлеу туралы тапсырма беріліп, осыған байланысты бірқатар маңызды шешім қабылданғанын айтты.

– Соған сәйкес енді азаматтарға автокөлікті лизингпен алу мүмкіндігі ұсынылады. Соның арқасында автокөліктер халыққа мейлінше қолжетімді бола түспек. Елімізде KIA Qazaqstan зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін берері сөзсіз. Кәсіпорын болашақта басқа да жаңа көлік түрлерін шығарады деп сенемін. Осылайша, әлемдік озық талаптарға сай көліктерімізді сыртқы нарыққа, яғни шетелге шығаруға мүмкіндік болмақ. Қазақстан жаһандық автокөлік өнеркәсібінің дамуына бар күш-жігерін салуға дайын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

– Біз Сіздің қазақ-корей ынтымақтастығының дамуына, қос халықтың арасындағы достықтың нығаюына қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Шын мәнінде, еліміздің автокөлік саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз мол, – деді Президент.

KIA Qazaqstan зауытын салу туралы шешім 2023 жылы қабылданды. Кәсіпорын Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы 62,95 гектар аумақта орналасқан. Зауыт жылына 70 мың көлік өндіре алады. Инвестиция көлемі – 131,5 миллиард теңге. Кәсіпорында 1500 жұмыс орны ашылған. Ал оның өнімі Қазақстанға, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылады.

Еліміздегі білім беру жүйесінің дамуы: жетістіктері мен болашағы

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында айтылған тапсырмаларын жүзеге асыру аясында елімізде білім беру жүйесін дамыту және білікті кадрлар даярлау бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Үкімет мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары білім мен ғылымға дейінгі барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға

баса назар аударуда.

Мектепке дейінгі білім беру

2025 жылдың басынан бері елімізде 26,6 мың орынға арналған жаңа 303 мектепке дейінгі мекеме ашылды. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал санаттарындағы барлық бала тегін тамақпен қамтамасыз етілген. Балалары балабақшаларға бармайтын ата-аналар үшін 5,5 мыңнан астам кеңес беру орталықтары жұмыс істейді.

«Ақша баланың соңынан жүреді» қағидатына негізделген ваучерлік

қаржыландыру тетігі енгізілуде: пилоттық жоба 20 қала мен 7 ауданды қамтиды, 4,8 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым қатысады, 671 мыңнан астам ваучер берілді. Соның арқасында балабақша кезегі жартысына жуық төмендеді.

Орта білім: мектеп салу және жаңарту

2024-2025 жылдары жарты миллионнан астам орындық 359 мектеп, оның ішінде «Келешек мектептері» жобасы аясында 173 мектеп пайдалануға берілді. Жыл басынан бері 102 мектеп салынды

(153,8 мың орындық), оның 68-і жоба шеңберінде, ал 34-і бюджеттен тыс қаражат көздер есебінен. Жыл соңына дейін тағы 92 мектеп, оның ішінде жоба аясында 44 мектеп ашу жоспарлануда.

245 мектепті күрделі жөндеуден өткізу 95 мыңнан астам оқушының білім алуына қолайлы жағдай жасайды. Қазірдің өзінде 132 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталса, 104 мекемеде жұмыстар жалғасуда, нысандардың бір бөлігі жыл соңына дейін, ал бір бөлігі 2026 жылға дейінгі екі жылдық жобалар аясында аяқталады.

(Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қосымша білім беру

2025 жылдың тоғыз айында балаларды қосымша біліммен қамту жалпы оқушылар санының 87,2 %-ына дейін өсті, оның ішінде тегін үйірмелер мен секциялармен балалардың 62 %-ы қамтылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 %-ға жоғары. Қосымша білім беру ұйымдарының желісі өткен жылмен салыстырғанда 25 %-ға өсіп, екі мыңнан астам бірлікті құрайды.

Кейбір қалаларда келушілерді тіркейтін және үйірмелер мен секциялар жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін пилоттық цифрлық жоба жүзеге асырылуда.

Балалардың демалысы мен оларды сауықтыру

Биыл балаларды сауықтыру және еңбекпен қамту өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 200 мың балаға, яғни 3,4 млн балаға дейін өсті. Мектеп жанында он мыңнан астам лагерь және қала сыртындағы 192 балаларға арналған сауықтыру орталығы жұмыс істейді. 2027 жылға дейін осындай 50 орталық құрылады. 2026 жылдан бастап білім беру-сауықтыру қызметтерін лицензиялау енгізіледі.

Тамақтандыру

Тегін ыстық тамақпен 1,7 млн мектеп оқушысы қамтылды. Олардың ішінде 1,4 млн астамы бастауыш сынып оқушысы және 340 мыңнан астамы әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балалары. Мектепке дейінгі ұйымдарда да осындай санаттағы 99 мың бала тамақпен қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап білім беру ұйымдарында көкөніс пен жеміс тұтынуды арттыруды, тұз, қант және май мөлшерін азайтуды, сондай-ақ табиғи емес өнімдерді алып тастауды

Еліміздегі білім беру жүйесінің дамуы: жетістіктері мен болашағы

көздейтін тамақтану стандарты енгізілді. Тамақтандыру сапасын қадағалау тосыннан тексеру ақылы жүзеге асырылады.

Балалар құқықтарын қорғау

Өңірлерде 20 психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді. Онда 23 мыңнан астам жеке консультация өткізілді. Мектептерде «111» байланыс орталығының QR-кодтары орналастырылған. Жыл басынан бері 90 мыңнан астам балаға көмек көрсетілді.

Отбасылық орналастырудың жаңа нысаны – баланы қабылдайтын кәсіби отбасы енгізілді, оны қолдауға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Қорғаншылық органдары мамандарының штат саны 303-тен 1 006 адамға дейін артты.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы

Бағдарлама көмелетке толмаған балалар үшін жинақтаушы білім беру капиталын қалыптастырады. 2025 жылы Қазақстан Республикасының көмелетке толмаған 6,9 млн азаматының әрқайсысына \$100-ден астам қаражат аударылды. Бүгінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім беру ақысын төлеуге 186 мың өтінім берілді, оның ішінде жалпы сомасы \$22,9-дан астам болатын 156 мың өтінім орындалды.

Техникалық және кәсіптік білім беру

2025–2026 оқу жылында 189 мың талапкер қабылданды, оның ішінде 145 мыңы — мемлекеттік тапсырыс бойынша. 9-сынып түлектерінің барлығы машина жасау, IT, энергетика және құрылыс сияқты сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқумен қамтылған.

Дуальді білім беру жүйесі бойынша 108 мың студент оқиды, жыл соңына

дейін бұл көрсеткішті 135 мыңға жеткізу жоспарланып отыр.

Қытай, Германия, Франция, Түркия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Канада, Сингапур, Италия, Ұлыбритания және Швейцария колледждерімен академиялық мобильділік, халықаралық салалық аккредитация және стратегиялық әріптестіктің өзге де түрлері бойынша жасалған 50-ден астам халықаралық келісім білім сапасын арттыруға және түлектердің жұмысқа орналасуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бұл жұмыстардың барлығы айтарлықтай нәтижелер беруде. Қазақстанның ұлттық құрамасы Данияда өткен Euroskills Herning 2025 халықаралық кәсіби шеберлік чемпионатында жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Команда веб-технология, мехатроника, графикалық дизайн, желілік және жүйелік әкімшілендіру, инженерлік CAD дизайн сияқты 5 бағыт бойынша 7 үздік шеберлік медальонын жеңіп алып, «Ұлт үздігі» аталымында марапатталды.

Жұмысшы мамандарды қолдау мақсатында жеңілдетілген шарттарымен «Наурыз жұмыскер» ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 22 қыркүйектегі жағдай бойынша бағдарлама аясында жалпы сомасы 46,5 млрд теңге болатын 1,9 мыңнан астам несие берілді.

Жоғары білім

2025–2026 оқу жылына 93 мыңнан астам грант бөлінді. Шәкіртақы көлемі екі есеге жуық артты. Жаңа жатақханалар пайдалануға берілуде, 2018 жылдан бері орын тапшылығы 72,5%-ға қысқарды. Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды. 20 қазақстандық университет QS WUR 2026 рейтингіне енді, бес университет Times Higher Education

тізіміне кірді, ал Назарбаев Университеті алғаш рет әлемнің үздік 500 жоғары оқу орнының қатарына қосылды.

Халықаралық интеграция және жасанды интеллект

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне белсенді интеграциялануда және жасанды интеллект саласында мамандар даярлауды дамытуда. AI-Sana бағдарламасы енгізілді, жасанды интеллект және кәсіпкерлік саласындағы бағдарлама бойынша 440 мыңнан астам студент білім алды.

Ғылым. Ғылымды коммерцияландыру

Satbayev University металлургия институтының технологиясы бойынша алғаш рет вакуумдық дистилляция әдісімен СТ-1 маркалы техникалық селен алынды. Назарбаев Университетінің ғалымдары литий-ионды аккумуляторлар үшін отандық шикізаттан катодты материалдар прекурсорларын өндіру технологиясын әзірлеп шығарды. Өндірістің әлеуетті көлемі \$40 млрд-қа бағаланып отыр. Жаңа зерттеу орталықтары іске қосылды, 2025 жылы ғылыми жобаларды коммерцияландыру бойынша жаңа 62 шарт жасалып, жалпы 267 жоба жүзеге асырылуы тасыдына. Ғылыми жобаларға жеке инвестициялар көлемі бүгінде 20,4 млрд теңгеге жетті, алдағы уақытта тағы 8,8 млрд теңге тарту жоспарланып отыр. Жобалардың аяқталуына қарай жеке қоса қаржыландыру үлесі 32 %-ға дейін өседі.

Кен пайдаланушылардың осы мақсатта аударған қаражаттарын бюджет арқылы орталықтандыру есебінен Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру тетігі енгізілуде.

Аккумулятор батареяларының жаңа түрі өндіріле бастады



Жетісу облысында Республика күнінің қарсаңында «Қайнар-АКБ» зауытының жаңа өндірістік желісі іске қосылды. Мұнда резервте электр қуатын беруге арналған аккумулятор батареялары өндіріледі, - деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Зауыт ұжымын қуанышты сәтпен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады: - Жаңа жоба облыс экономикасын дамытуға, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді деп сенеміз. Бұрын автокөлік аккумуляторлары «Қайнар» зауытының танымал бренді болса, енді оның жаңа өнімдері де сапа мен сенімділіктің кепілі болғалы отыр. Біз отандық өнім өндіру ісін ұйымдастыруға септігін тигізетін осындай бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз, - деген өңір басшысы бірқатар зауыт жұмысшыларына алдағы Республика күніне орай Құрмет грамотасы мен Алғыс хат тапсырды.

Өз кезегінде «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директоры Ербол Ажмағамбетов облыс әкімдігінің қолдауына ризашылығын білдіріп, жаңа желінің жұмысы зауытқа тың тыныс беретінін атап өтті. Мұнан соң өңір әкімі мен зауыт басшысы символдық нүктені басып, жаңа желінің жұмысын ресми түрде бастап берді.

Зауыт жұмысшыларымен тілдескен Бейбіт Исабаев құю, үгіту, қаптау цехтарын аралап, жұмыс процесімен танысты. Зауыт басшылығының мәліметіне қарағанда, жаңа жобаны іске асыруға әзірге 10 млрд. теңге инвестиция тартылған, алдағы уақытта инвестиция көлемі өседі деп күтілуде.

Еске салсақ, «Қайнар-АКБ» зауыты - облыстағы ең ірі, жүйеқұраушы кәсіпорынның бірі. Онда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы өнеркәсібіндегі үлесі қазір 33,6% құрап отыр. Бүгінде мұнда жеңіл және жүк автомобильдеріне, ауыл шаруашылығына, әскери техникада т.б. салаларда қолдануға арналған аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрін шығарылады. Кәсіпорында аккумулятор өндірісінің толық автоматтандырылған циклді енгізілген - бөлшектерді құюдан бастап дайын өнімді құрастыруға дейінгі барлық құрамдас бөліктер өндіріледі. Өнімдері Италия, Польша, ОАЭ, Ресей, Қытай және басқа да таяу шетелдерге экспортталады. Өткен сегіз айда мұнда шамамен 1,7 млн дана аккумулятор батареясы шығарылған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Республика күні қарсаңында ескерткіштер жаңғыртылып, жаңа сквер ашылды



Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Республика күні қарсаңында Ескелді би, Балпық би, Қаблоса жырау мен Қабанбай батырға арналған ескерткіштерді жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұл ескерткіштер Талдықорған қаласында орнатылған. Сонымен қатар облыс орталығында жаңа сквер пайдалануға берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұған дейін қазан айының басында облыс әкімі Бейбіт Исабаев қаланы аралау барысында Ескелді би, Балпық би мен Қаблоса жырауға арналған «Үш ата» ескерткішін қалпына келтіру жұмыстарына қатысты бірқатар ескертпелер айтқан болатын. Мұнан кейін мердігер ұйым тарапынан тиісті шаралар қабылданды, атап айтқанда брусчаткалар ауыстырылып, сатының гранит тастары қайтадан төселді. Мүсіннің бжоуы жаңартылды, ескерткіштің маңайы абаттандырылды, жарық шамдары орнатылды.

Сол сияқты Қабанбай батыр ескерткішінің де гранит қаптамалары ауыстырылып, жазбалары жаңғыртылды, монументі мен орындықтар боялды.

Атқарылған жұмыстардың сапасымен қала әкімі Ернат Бәзіл және ардагерлер мен Қоғамдық кеңес мүшелері танысты. Ардагерлер мәдени мұраларымызды сақтаудың маңызы зор екенін тілге тиек етіп, ескерткіштерді жаңғыртқан құрылысшыларға ризашылығын білдірді.

Атап өтсек, облыста жыл басынан бері Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне арналған 112 ескерткіш ағымдағы жөндеуден өткізілген.

Осы күні облыс орталығының «Бірлік» шағын ауданында 0,62 га болатын жаңа сквер пайдалануға берілді. Онда автоматты суару жүйесі, жарық шамдары орнатылып, газон төселген. Өткеншектер, орындықтар, беседкалар, балалар ойын алаңы бар. Осы скверде күзгі уақытта 175 жапырақты және қылқан жапырақты ағаш егіледі деп жоспарланып отыр. Бұл тұрғындар үшін қолайлы демалыс орны болмақ.

«Бірлік» шағын ауданының тұрғындары сквердің ашылғанына қуанып отыр: - Төрт жыл бұрын осында көшіп келдім. Енді үйдің жанында керемет паркіміз бар, енді ол таза ауада отырып тынығуға болатын демалыс орнымыз болады. Мектеп те паркке өте жақын орналасқан. Тұрғындардың әл-ауқатына көңіл бөліп жатқан барша азаматтарға үлкен алғысымды білдіремін, – деді шағын аудан тұрғыны Назгүл Нұрланқызы.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысына жұмыс сапары кезінде Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов өңірдің су шаруашылығы нысандарының жай-күйімен және олардың жұмысымен, сондай-ақ бірқатар ірі жобаның іске асу барысымен танысты.

Көксу ауданында ведомство басшысы Ислам даму банкінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау жобасын тексерді. Оның бірінші кезеңінде жалпы ұзындығы 108,7 шақырым болатын 9 канал жөнделіп жатыр. Бұл жұмыстар келесі жылы аяқталады деп жоспарланған.

Жобаның екінші кезеңінде тағы 157,8 шақырым канал реконструкцияланады. Барлық жұмыс аяқталған соң Көксу

Каналдарды реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде

ауданындағы суармалы жер көлемі 13,6 мың гектарға ұлғаяды.

Ақсу ауданында каналдарды бетондау жұмыстары жалғасып жатыр. Бүгінде жобаның 75 пайызы орындалған. Толық аяқтау келесі жылға жоспарланған. Каналдарды бетондау нәтижесінде 11 мың гектар жерге тұрақты су жеткізіледі. Нұржан Нұржігітов жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Биыл қыркүйек айында Ақсу ауданында күрделі реконструкциядан кейін Қызылағаш су қоймасы пайдалануға

берілді. Бұған дейін нысанда бөгет пен магистральдық канал жөнделіп, су алу және су жіберу жүйелері жөнделіп, автоматтандырылған және ескерту жүйесі орнатылған. Соңғы үш жылда Қызылағаш су қоймасы сынақ режимде жұмыс істеп, біртіндеп су жинады.

Сондай-ақ министр Сарқан ауданында ауылшаруашылық саласының өкілдерімен кездесіп, тұрғындардың су үнемдеу технологияларын енгізуге жұмсалған шығындарды субсидиялау және егістік алқаптарын суаруға арналған

су тұтыну нормаларын қайта қарау мәселелері жөніндегі сұрақтарына жауап берді. Кейін Нұржан Нұржігітов азаматтарды жеке қабылдап, гидроэлектр станциялары мен бөгеттердің құрылысы, ирригация каналдарын жөндеу сияқты тақырыптар бойынша сауалдарын тыңдады.

Қазіргі уақытта Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті Қызылағаш массивін салу жобасын жүзеге асырып жатыр. Бұл жоба Ақсу ауданындағы суармалы жер көлемін 4 500 гектарға арттыруға мүмкіндік береді.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің ресми интернет ресурсы.

● Жолдау - өрлеу өзегі

БІЛІМ – ұлт болашағының кепілі

2025 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа Жолдауы – ел дамуының жаңа кезеңін айқындаған маңызды стратегиялық құжат болды. Мемлекет басшысы бұл Жолдауында экономикалық тұрақтылықпен қатар, әлеуметтік сала, әсіресе білім беру жүйесін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді.

Президент атап өткендей, елдің басты капиталы – сапалы білім мен кәсіби білікті ұлт. Сондықтан мұғалімдер қауымының алдында үлкен жауапкершілік тұр. Қазіргі қоғамға жан-жақты дамыған, заманауи технологияларды меңгерген, отансүйгіш жас буынды тәрбиелеу – басты міндет.

Жолдауда педагогтардың мәртебесін арттыру, ауыл мектептерін қолдау, білім беру сапасын арттыру, мұғалімдердің біліктілігін үздіксіз жетілдіру, цифрлық білім инфрақұрылымын дамыту сияқты нақты тапсырмалар берілді. Бұл – ұстаздарға жасалған үлкен сенім мен қолдау.

Бүгінгі таңда мұғалім тек білім беруші ғана емес, оқушының өмірлік бағытын айқындайтын тұлға. Президенттің “Білім беру – мемлекеттің стратегиялық басымдығы болуы тиіс” деген сөзі әрбір ұстаздың бойына жаңа жігер, жаңа серпін береді.

Жолдаудан туындайтын міндеттерді іске асыру – әрбір педагогтың кәсіби борышы. Біз, ұстаздар қауымы, ел Президентінің бастамаларын қолдай отырып, жас ұрпақты елжанды, білімді, еңбекқор азамат етіп тәрбиелеуге өз үлесімізді қосамыз.

Бұл Жолдау – еліміздің жарқын болашағына жол ашатын маңызды бағдар. Ұстаздар үшін бұл – жаңа мүмкіндіктер мен сенім кезеңі. Білім мен тәрбие саласында қажырлы еңбек ету арқылы ғана біз Президент көздеген “Әділетті және дамыған Қазақстан” идеясын жүзеге асыра аламыз.

С.ЖАКУПОВ,

Алмалы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетілгі

Жуырда Сарқан ауданы Жәкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов және «Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» бөлімінің басшысы Бекжан Асылхановтың және бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу бөлімі өкілдерінің атсалысуымен әрі жан-жақты қолдауымен, ерекше балалар және мүгедектердің қатысуымен Халықаралық мүгедектер күніне арналып, балалар ман жасөспірімдердің спорт мектебінде спорттық іс-шара өткізілген болатын.

Жарысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты жергілікті халықтың, оның ішінде мүгедектердің арасында бұқаралық спортты дамытып, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету болды.

Ойынның негізгі түрлері дойбы және эстафета, арқан тартудан өткізілді. Сарқан ауданы бойынша жалпы отыздай жасөспірім мүмкіндігі шектеулі балалар қатысты. Оның ішінде «Сенім» орталығы, «Ерекше балалардың ата-аналар одағы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінің балалары және Сарқан ауданының зағиптар қоғамы, мүмкіндігі шектеулі жандар өздерінің ойындарын көрсетті. Осы орайда айта кетер болсақ, «Дидар» сауда үйі Халықаралық мүгедектер күніне балаларға отыз мың теңгеге демеушілік көмек көрсетті. Жарыс жақсы көңіл-күйде өтті. Балалар ұйымдары балаларына өз сыйлықтарын дайындап, барлық қатысушыларға грамоталар мен сыйлықтар табыс етілді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген осы шығар, барлығының көмегімен біз бұл спорттық іс-шараны лайықты жүзеге асырдық, атсалысып, қолдау көрсеткен барша жанға алғыс айтамыз. Ерекше балаларға қолдау көрсетіп жатқан ата-аналарға және тәрбиешілерге, қоғам белсенділеріне көп рақмет.

«Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» бөлімі.

Орталықтың оңды ісі

2022 жылы наурыз айының басында салтанатты түрінде ресми ашылған біздің орталық мүгедектігі бар балаларға 8 бағытта қызмет түрлерін ұсынады. Ресми түрде орталығымыз «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Сенім»

Сарқан күндізгі болу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі деп аталады. Орталықтағы қызмет түрлері әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медицина, әлеуметтік-психология, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономика, әлеуметтік-құқықтық деп айшықталады.

Орталық 30 қызмет алушыға арналған. Қызмет алу саны 22, кезекте тұрған 3 бала. Арнайы автокөлікпен тасымалдау қызметті бар. Қызмет алушылар 4 уақыт ыстық тамақпен қамтылған. Мұндағы қызметті білікті әрі сауатты атқару үшін логопед, дефектолог, ЕДШ (емдік дене шынықтыру), массаж, психолог, еңбек терапия, дене шынықтыру, тәрбиешілер мамандары жұмыс жасайды. Барлық кабинеттер заманға сай жабдықталған.

Логопед маман баланың тіл бұзылыстарын түзету мақсатында логопед логопедиялық тренажер, зондпен жұмыс, тыныс, тіл, артикуляциялық жаттығулар жасалынады.

Дефектолог мамандар баланың психофизиологиялық даму кемшіліктерін түзеп, дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған танымдық үрдістерін дамытып, сенсорлық қабілеттері мен жалпы және ұсақ моторикасын, ойын арқылы баланың қимыл-қозғалысын, ойлауын және тілін дамытады.

Психолог маман баланың психологиялық даму деңгейін зерттеп, баланың өзіне деген, қоршаған ортаға деген қатынасын жақсарту, өз эмоциясын басқара алуы, қоғамда өзін еркін ұстауы, танымдық қызығушылығын арттыру т.б. танымдық ойындар, релаксация, арттерапия сияқты жұмыс түрлері арқылы балалардың психологиялық дамуына жағдай жасайды. Сенсорлық бөлмеде құм терапиясы, күн сәулелері, тактильная дорожка тағы да көптеген арнайы жабдықтар бар.

ЕДШ (емдік дене шынықтыру) нұсқаушысы баланың дене бітімінің дамуына, жетілуіне арналған жаттығулар, ойындар өткізу арқылы баланың ірі және ұсақ моторикасын дамытады, қозғалыс координациясын түзейді. Шынықтыру, сауықтыру шараларын өткізеді. ЕДШ кабинетінде вертикализатор, АНИКА, жүгіру жолағы, швед тақтасы, мотомед, мотокрос тағы басқа жабдықтар бар.

Еңбек терапиясы сенсомоториканы дамыту және қалпына келтіру, көрнекі қабылдауды дамыту, манипуляциялық әрекеттің негізі ретінде қол функцияларын қалыптастыру, тірек-қимыл аппаратын нығайту, есте сақтауды, зейінді, ойлауды дамыту, эмоционалды-ерікті сфера мен мінез-құлықты түзету, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, болашақ мамандықты таңдауға ықпал ету сынды функцияларды атқарады.

Музыка жетекшісі балаларды дене жаттығуларын жасауды музыкамен сүйемелдеуді және музыка зейінді, есте сақтауды, ойлауды ынталандыруға арналған қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Мекен-жайымыз: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Бұғыбай батыр к-сі 1, телефонымыз: 2-12-53.

Дана ҚАЛИЕВА,

«Сенім» Сарқан күндізгі болу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері.

Карта мен шотты "жалға беру" – енді қылмыс

2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне жаңа 232-1-бап енгізілді. Бұл бап азаматтардың банктік шоттары мен карталарын басқа адамдарға заңсыз мақсатта беруге тыйым салады. Енді өз картаңызды немесе банк шотыңызды бөтен адамға «пайдалана тұр» деп беру – қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Кей адамдар өздерінің банк картасын немесе онлайн-банкінг деректерін басқаға уақытша береді. Мысалы, біреу «ақша аударып алайын», «шотың керек болып тұр» деп сұрауы мүмкін. Бірақ егер ол адам бұл шот арқылы заңсыз ақша аударымдарын немесе алаяқтық операцияларды жасаса, карта иесі де жауапқа тартылады.

Енді банктік шотқа немесе картаға заңсыз қолжетімділік берсеңіз – бұл қылмыс болып саналады. 232-1-бапқа сәйкес, мұндай әрекеттер үшін айыппұл салынуы, қоғамдық жұмыстарға тартылуы немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін. Ал егер карта немесе шот алаяқтық, ақша жымқыру сияқты ауыр қылмыстарда пайдаланылса – жаза күшейтіліп, жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Соңғы жылдары елімізде интернет алаяқтық көбейіп кетті. Алаяқтар өз атына шот аштырмай, басқа адамдардың карталарын пайдаланады. Кейде адамдар білместікпен өз картасын «жалдауға» беріп, кейін өздері де тергеуге түсіп жатады. 232-1-бап – осындай жағдайлардың алдын алу үшін енгізілді. Бұл бап азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін қорғауға, банктік жүйеге сенімді арттыруға бағытталған.

Ешқашан өз банктік картаңызды немесе шотыңызды басқа адамдарға бермеңіз. Онлайн-банкінг логин мен құпия сөзді ешкімге айтпаңыз. Егер біреу сізден картаңызды «пайдалануға беруін» сұраса, бұл – заң бұзушылық екенін есте сақтаңыз. Сот тәжірибесіне сәйкес, соңғы кезде дәл осындай жағдайлар көбейіп кеткен. Алаяқтар адамдарды сендіріп, олардың шоттарын өз істеріне пайдаланады. Нәтижесінде қарапайым азамат өз еркімен қылмыстық іске араласып қалады.

232-1-баптың қабылдануы – қоғамда цифрлық қауіпсіздікті арттырудың маңызды қадамы. Әр азамат өз қаржысына, жеке деректеріне мұқият қарап, оларды бөтен адамдарға сеніп бермеуі тиіс. Қаржылық сауаттылық – өз қауіпсіздігіңіздің кепілі.

Ұ.МАМЫТБЕК,

Сарқан аудандық сотының төрағасы.

ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ ЖОҚ

Жетісу облысының шығысында орналасып, Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының аумағын қамтитын «Жоңғар Алатауы» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі өзінің көлемі бойынша елімізде екінші орын алады. Парк аумағында 2000-нан астам өсімдік түрі өсіп, сүтқоректілердің 49 түрі, құстардың 170 түрі, жәндіктердің 700 түрі мекендейді. Сирек кездесетін, тек осы аумақта тіршілік ететін жануарлар қаншама. Ал осындай байлықты қорғау, олардың өсімін молайту біздің басты міндетіміз. Осы орайда жан-жануарлардың, өсімдіктердің өмір сүру ортасы орманды оның басты жауы өрттен сақтау аса маңызды.

Орман — табиғаттың баға жетпес байлығы, ел экологиясының тепе-теңдігін сақтайтын негізгі тіршілік көзі. Сондықтан орманды қорғау мен өрттің алдын алу – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Жыл сайын көктем мен жаз және күз айларында орман өртінің қаупі арта түседі. Бұл кезеңде табиғат аясына демалуға шығушылардың бейқамдығы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауы орман алқаптарына үлкен зиян келтіреді. Түтіні тұншықтырған орман өрті тек ағаш байлығын емес, ондағы жан-жануарлар мен өсімдік әлемін де жойып жібереді.

Орман шаруашылығы қызметкерлері өрттің алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда. Атап айтқанда, орман ішінде өртке қарсы жолақтар жасалып, бақылау мұнаралары мен бейнебақылау жүйелері орнатылған. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындар мен демалушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, арнайы жадынамалар таратылуда.

Орманды қорғау тек орманшылардың ғана емес, барша халықтың борышы. Табиғат аясында от жаққанда сақ болу, темекі қалдығын өшірмей тастамау, қоқысты өртеуден бас тарту – қарапайым ережелердің өзі үлкен апаттың алдын алады.

Орман — ұлт байлығы. Оны сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Сондықтан «Орман өртіне жол жоқ!» ұранын әр азамат жүрегіне түйіп, табиғатты аялауға атсалысқаны жөн.

Дәурен БЕКМУЛДАЕВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП Топо-
лёвка орман шаруашылығы №52
айналымының мемлекеттік
инспекторы.

•XII Қазақстанның Азаматтық форумы

15–16 қазан күндері Астана қаласында «Әділетті Қазақстан: азаматтық қоғам мен мемлекет ынтымақтастығы» тақырыбында XII Қазақстанның Азаматтық форумы өтті.

Форум жұмысына 700-ден астам делегат қатысты. Делегация құрамында ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдар мен дипломатиялық корпусның өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес-қоғамдастық, отандық және халықаралық сарапшылар, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестердің төрағалары, мәслихат депутаттары қатысты. Сонымен қатар, форумға алты елден келген шетелдік делегаттар, соның ішінде елшіліктер мен халықаралық құрылымдардың өкілдері қатысты.

Жетісу облысынан барған делегация құрамында «Radisson Hotel Astana» қонақ үйінің Сарыарқа залында өткен пленарлық және секциялық отырыстарға қатысты. Жиын барысында қоғамдық кеңестердің рөлін арттыру, азаматтық қоғамды дамыту, қоғамдық бақылауды кеңейту, сондай-ақ ҰЕҰ мен жастар бастамаларын, цифрлық жобаларды қолдау мәселелері талқыланды. Сарапшылардың айтуынша, азаматтық қоғам Президент алға қойған парламенттік реформаның қалыптасуына белсенді қатысуы қажет. Сондай-ақ жалпыұлттық мәселеде бұл қоғамның рөлі ерекше.

– Мемлекет басшысы жариялаған Әділетті Қазақстан тұжырымдамасы

ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КҮШ

азаматтық сектор негізгі рөл атқаратын жаңа әлеуметтік келісімшартты білдіреді. Кейінгі жылдары елімізде болып жатқан реформалар арқылы қоғамдық сананы өзгерту жүріп жатыр. Бұған қоғамдық

мемлекеттің дамуына нақты үлес қосып келеді. Мәселен, олар жұмыс орындарын құрып, экологиялық және әлеуметтік инновацияларды енгізуге атсалысып, инвестиция тартуға да ықпал етеді. Еуропа



кеңестер, онлайн платформалар, омбудсмен институты, цифрлық платформалар, қоғамдық бақылау құралдары секілді диалогтің жаңа тетіктері әсер етіп отыр. Қазір үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ)

ғалымдарының зерттеулеріне сәйкес, коммерциялық емес сектордағы ақылы немесе ерікті жұмыспен қамту құрылыс индустриясымен салыстыруға болатын халықтың шамамен 6 пайызын құрайды.



Сондықтан ҰЕҰ-ны қолдауға бағытталған барлық күш-жігер жаңа қызметтер, жұмыс орындары, азаматтардың сенімі мен белсенділігін арттыру түрінде қайтарылады. Мемлекет ҰЕҰ-ға әлеуметтік келісім-шарттарды жүзеге асырушы ретінде ғана емес, сонымен қатар идеялардың, инновациялардың көзі және жаңа шешімдердің драйвері ретінде қарағаны жөн, – деді Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева.

Форумның қорытынды пленарлық отырысын ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жүргізді. Қазақстан Республикасының Президенті қатысушыларға жолдаған үндеуінде мемлекет азаматтық қоғамды дамытуға және қоғамдық институттармен серіктестікті нығайтуға ерекше мән беретінін атап өтті.

Жетісу облысы делегациясының форумға қатысуы тәжірибе алмасуға, өзара диалогты нығайтуға және ортақ бастамаларды әзірлеуге маңызды мүмкіндік болды.

Жомарт ИГИМАН,
XII Қазақстанның Азаматтық форумының делегаты.



Республика күні – мемлекетіміздің тәуелсіздікке бастар алғашқы қадамдарының бірі ретінде тарихта ерекше орын алатын мереке. Бұл күн халықтың өз тағдырына өзі ие болып, дербес шешім қабылдауға ұмтылғанын білдіреді. Республика күні – азаматтардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, елдік сананы күшейтетін маңызды тарихи дата.

Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадам

Елімізде Республика күні 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы Декларациямен тікелей байланысты. Бұл құжатта еліміздің саяси және экономикалық дербестігі жарияланып, тәуелсіздікке жол ашылды. Декларация – қазақ елінің өз болашағын өзі айқындауға деген нық сенімінің көрінісі болды.

Республика күні – ұлттық мереке

Қазақ халқының тарихындағы ұлы белестердің бірі – Республика күні. Бұл күн – халқымыздың еркіндікке, тәуелсіздікке, өз мемлекеттігін құруға, асыл арманын жүзеге асыру жолындағы маңызды қадамының белгісі. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Қазақстан өзінің жеріне, байлығына, табиғи ресурстарына, ішкі және сыртқы саясатына толық ие екендігі көрсетілді.

Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидалары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Республика күні – еліміздің мемлекеттік егемендігін жариялаған күн, әрбір қазақстандық үшін мақтанышқа толы, рухты мереке. Ол – халқымыздың саяси санасының өскенін, тәуелсіз ел болуға деген жігерін көрсетеді. Бұл ел бірлігінің, ынтымақ пен татулықтың, Отанға деген сүйіспеншіліктің символы. Ол – халықтың рухани жаңғыруы, ұлттық сананың оянуы.

Бұл күн мемлекеттік емес, ұлттық мереке ретінде еліміздің барлық жерінде кеңінен атап өтіледі. Бұл мереке әрқайсымызға өз елімізге қызмет ету. Отанымызды сүйу, ел болашағына үлес қосу. Әрбір адам осы күні өз елінің азаматы болғанын, тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқанына шын жүректен қуанады.

Осы атаулы күні, Қазақстан Республикасына өркендеу мен амандық тілейміз, халықтың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекетіміздің мәңгілік берік тірегі болсын. Отанымыздың көк туы биікте желбіреп, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Н.БОКУШБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ
Сарқан филиалының архивисі.

Қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек.

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев.

Республика күні – өткенге тағзым етіп қана қоймай, болашаққа сеніммен қарауға үндейтін мереке. Бұл күн жастарды елін сүйуге, жауапкершілік пен бірлікке тәрбиелейді. Әрбір қазақстандық үшін Республика күні – мақтаныш пен патриоттық сезімді оятатын ерекше мейрам.

Бүгінде Қазақстан – халықаралық аренада өзіндік орны бар, бейбітшілік пен келісімді ту еткен мемлекет. Республика күні осы жетістіктердің бастауын еске салып, ел дамуының жаңа белестеріне шабыт береді. Бұл күн әр қазақстандықтың жүрегінде Отанға деген мақтаныш сезімін ұялатып, болашаққа деген сенімді нығайтады.

С. ЕРЖАНОВ,
Сарқан ауданы тарихы музейінің қор сақтаушысы.



1977 жылдың 2 - ші тамызында Қалиасқаров Мейрамғали Мұқанұлы Бақалы совхозына басшы болып келгенде мен К - 700 тракторында жұмыс істеп жүргенмін. Ол уақытта директор мініп жүретін қызметтік жеңіл машина жоқ. Совхоз басшысының иелігіне борты бар УАЗ автокөлігі бекітілген.

Жер жыртуға дайындалып жатқанмын. Қасыма директордың көлігі тоқтап ішінен бойшаң теректей сымбатты жігіт ағасы түсті.

- Іске сәт, жігітім,- деді ол.- Ғали деген сен бе?

- Иә,- деймін мен.

- Жақын арада жаңа УАЗ көлігі беріледі, соны Ульяновскіден алып келіп, маған жүргізуші болуға қалай қарайсың? - деп ойлануға уақыт берді.

Орынды уәжге тоқтадым да ол кісімен он жыл бірге жұмыс істедім. Басқа жақтан адам іздеген жоқ, жергілікті мамандарды ортақ іске жұмылдыра білді.

Мейрамғали ағамыздан бұрын біздің совхозды он бес жылдың аралығында Байтілеуов, Воробьев, Рысбаев, Тәнекенов, Жансеріков, Массанфу деген алты басшы басқарды. Директорлар екі - үш жыл сайын ауысқан соң совхоз экономикасының құлдырауы да заңдылық емес пе? Сондықтан да Мейрамғали ағамыздың иығына ауыр жүк артылды.

Аға жұмысын ауылдың малын таңертең өріске ерте шығарудан бастады. Өзі бір жағынан айда-сып жүріп елге малды ерте өргізуге үйретті. Мал ерте өрсе ұзағынан жайылып, шелденеді, қонданады. Шаруашылықтың жұмыстары да ерте басталып нәтижелі аяқталады.

Бастыдақылы-қантқызылшасынан гектарына 80 - 100 центнерден ғана өнім алып, мал шаруашылығы да, егін шаруашылығы да тұралап, аудан бойынша артта қалған Бақалыны ағамыз аяғынан тік тұрғызуға барын салды.

Мейрамғали аға келгеннен кейін еңбек өнімділігі артып, ауыл тұрғындарының жағдайы түзеле бастады. Қиыр жайлап, қыр қонатын шопандар мен қант қызылшасының өнімін еселеген диқандар ауқаттанып, жеңіл көлік алды, жаңа үйлерге қоныстанды.

Аға алған бетінен қайтпаушы еді. Бұл кісіге дейін жаз жайлауға қойға тұзды атқа артып шығаратын - ды. Аспен тартқан тұзға бастықтың көңілі көншімей трактор - машиналармен тұз тасымалдауды ойластырды.

Ауданның көмегімен төрт - бес УАЗ автокөлігімен жайлауға беттедік. Жол ауыр, биіктеген сайын кідіріс көбейеді. Алғашқы қиындықтан жүні жығылып қалған басшылар "машинамен шығу мүмкін емес" деп кері қайтты.

Аты қалды халықтың зердесінде

Алдыңғы аптада жылдық асы берілетін Мейрамғали ағамыз кісілігі мол кесек тұлға еді. Зиялы да жарқын жүзінен ізгілік шуағы төгілетін ай маңдай, абзал ағамыз жайында өткен шақпен естелік жазу қиынның қиыны екен.

Осы бір нар тұлғалы, ашуланғанда қабағы сесті, күлгенде көзінен шұғыла тарайтын жақсы адамның жанында он жылдай бірге жұмыс істеу бақыты маған бұйырыпты. Әңгімені басынан бастайын.

Аға болса қалай да тауға шығамыз дейді. Жол жоқ, дәу - дәу қойтастар жолымызға кесе - көлденең жатып алыпты. Өзі жаяулап жүріп отырды, мен артынан УАЗ - бен еріп отырдым. Бір - екі рет машинаның астын соғып, багін майыстырып алдым. Өйтеуір жайлауға жеттік. Малшылар "Вертолётпен келдіңдер ме?" деп таңданысын жасыра алмады.

Ауылға келген соң Мейрамғали аға қалағы бар жаңа ДТ тракторын жіберіп, тастарды итертіп, жыраларды тегістеп, жайлауға жол ашты. Содан соң малдың тұзы, малшылардың азық-түлігі ЗИЛ - 131 машинасымен жайлауға жүйелі түрде жеткізіліп тұрды.

Мейрамғали ағамыз уақытпен санаспай жұмыс істеді. "Бұл кісі қай



Көңілде тек қалды нұрлы елесің

Өмір өтті үлгі-өнеге қалдырып,
Жақсы ісіңіз ұмытылмас жаңғырып.
Қай жерде де орыныңыз төр еді,
Пейіш төрі қоныс болғай мәңгілік!

Қырдан қоныс тауып
көрпе қымтадың,
Арыла ма құрсаулаған мұң қалың.
Пейіш нұры аймаласын жүзіңді,
Ырыс-құттан кенде болмас ұрпағың.

Қандай ауыр жақсы жанның өткені,
Қамқор әке, асыл жар ең жоқ теңі.
Көңілде тек қалды нұрлы елесің,
Қимастықтың жасы неткен ащы еді.

Парасатты нұр тұнып келбетінде,
Парызыңды атқардың жер бетінде.
Рахымында Раббыңның болғай
мәңгі,
Атың қалды халықтың зердесінде.

уақытта демалады?" деп ойлаушы едім. Науқан кезінде машинаны өзі алып қалып, таң бозынан егістікті аралайтын.

Бригадирлердің жұмысының кемшілігін нұсқап көрсетіп, ескерту жасайтын. Екінші ауысымға жер жыртуға тракторшылар жетіспей жатқан кезде мені көмекке жіберуші еді. "Қосымша табыс тауып ал, машинаны өзім жүргізе беремін" дейтін - ді.

Алдында айтқанымдай совхоз басшылары Бақалыда үш жылдан артық тұрмайтын. Себебі ауылда басшылардың жұмыстарындағы олқылықты қадағалап жүретін, жоғарғы жаққа хабарлап отыратын аталарымыз болған. Мейрамғали аға "Кемшілікке жол бермей, сергек жұмыс істеу үшін сондай ақсақалдардың ауылда болғаны жақсы" дейтұғын. Сол аталарымыздың бірі ағамен кездесіп қалғанда "Бұрынғы басшылар жұмыс істемей - ақ жеуші еді. Сенің жұмысың жүріп жатыр, саған жеуге болады" деп қалжыңдапты. "Нағыз еңбектің адамы" деп ағамызды айналасының осылайша құрмет тұтқанын біз көргенбіз.

Ағамыздың ауылға басшы болып келгені елді мекен тұрғындарының өміріне өзгеріс енгізді. Көшеде бейсүат адам көрінбейтін, ағаның үлгісімен жұрт біткен жұмысқа жұмылатын.

Шаруашылығымыздың нағыз кемеліне келген кезінде Мейрамғали ағамыз Веселое ауылына колхоз басқармасының бастығы болып ауысты. Қалың көпшілік қимағанмен партияның бұйрығына ешкім қарсы тұра алмайды.

Тағы да ағаның басқаруына кетеуі кеткен шаруашылық тиеді. Колхоз басшысынан бастап бас мамандары істі болыпты. Білікті кадрларды таңдау, табу оңай емес. Ел іші емес пе, басшымыз деп сеніп соңына ерген қосшылардан кенде болмады. Кейіннен солардың арасынан талай айтулы азаматтар шықты. Сол шаруашылықты бес жыл басқарып, ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде бүгінгі Шатырбай ауылының тамырына қан жүгіртті. Үлкен мектеп, мәдениет үйі сол жылдардың жемісі. Тауарлы - сүт фермасы жанданды, ауылға таспадай асфальт жол келді.

Ағамыздың оң қадамы жоғарыға жетіп жатты. Қалың елдің қолдауымен халық қалаулысы атанды. Жоғарғы Кеңестің 12 - шақырылымының депутаттығына үміткер болып тіркеліп, бес үміткердің арасынан суырылып алға шықты, Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайланды.

Өміріме із қалдырған жақсы адамдардың арасында мен үшін Мейрамғали Мұқанұлының орны бөлек. Үлкен адам дүниеден озды, соңында шаңырақтың алтын діңгегі асыл жарының қалғаны, ізгі жолын жалғастыратын ұрпағының барлығы дәтке қуат.

**Ғали ӘБІШЕВ.
Бақалы ауылы.**

Суреттерде:
Мейрамғали Қалиасқаров;
1984 жыл. Ауданда салтанатты түрде Бақалы астығын қабылдау сәті.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРТІП -

сапалы есептің кепілі

Жақында Сарқан ауданы Әкімдігінің кіші мәжіліс залында Жетісу облысы бойынша Тексеру комиссиясының бастамасымен қаржылық есептілік аудиті тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шара барысында мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік жасау кезінде кездесетін негізгі мәселелер талқыланып, оларды болдырмау жолдары қарастырылды. Оған ауылдық округ әкімдері, бөлім мен мекеме басшылары және бухгалтерлер қатысты.

Алғашқы сөзді Жетісу облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Бақытжан Мұхамеджанов алып, кездесудің мақсат-міндеттеріне тоқталса, негізгі баяндаманы Тексеру комиссиясының бас инспектор-сарапшысы Ұлан Танкибаев жасады.

Дөңгелек үстелдің басты мақсаты – ағымдағы жылы жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит нәтижесінде анықталған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді болдырмау жолдарын талқылау.

Ұлан Бегімбекұлы өз баяндамасында атап өткендей, «Қаржылық есептілік аудиті» – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнамаға сәйкес жүргізілетін аудит түрі болып табылады және бұл тексеріс барысында мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігінің дұрыстығы, негізділігі бағаланады.

Спикердің айтуынша, кейбір

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану

Бөрлітөбе орман шаруашылығында аң-құстың азаюы анықталды. Қазіргі таңда Қазақстанда жабайы жануарларды, аң-құстарды заңды және заңсыз аулаудың кейбір түрлерінің мүлде азайып бара жатқандағы туралы белгілі. Бүгінгі күнде Қазақстанда құстың 488 түрі және сүтқоректілердің 175 түрі өмір сүреді. Олардың арасында сүтқоректілердің 34-і, құс түрлерінің 59-ы аңшылықтың негізгі нысанына айналып отыр екен. Алайда, осы жабайы жан-жануарларды қорғау мәселесінің жүйелі реттелмеуінің және адамдардың қоршаған ортаға келтіріп отырған зиянкес әрекеттерінің салдарынан олардың саны азайып, жойылып бара жатқандығы алаңдатады және ауа-райының құрғақшылығы және шамадан тыс өрттің орын алу жағдайлары жануарлар дүниесіне әсер етеді. Үкімет тарапынан жабайы жануарларды қорғау, олардың өсімін қамтамасыз ету жұмыстарының әлі де жеткіліксіз екендігін айтуымыз қажет.

А. БЕЛГІБАЕВ,
Бөрлітөбе ОШКММ-нің аңтанушы,
биологы.



бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен оларға бағынысты мекемелер қаржылық есептілікті тапсыруда тәртіп бұзушылықтарға жол беріп отыр. Атап айтқанда, кей әкімшілер өзіне бағынысты мекемелердің есептілігін қоспай, тек бөлім есебін ғана Экономика және қаржы бөліміне ұсынады. Ал бағынысты мекемелер керісінше, есептілікті тікелей сол бөлімге тапсырады. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы №259 бұйрығында белгіленген талаптарға қайшы келеді.

Осының салдарынан бірыңғай ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бұрмаланып, әр мекеме жеке деректер ұсынуда. Бұл өз кезегінде қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар болып саналады және Әкімшілік құқық бұзушылық

туралы кодекстің 238-бабы бойынша жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Аталған бапқа сәйкес бухгалтерлік есепті бұрмалау немесе жалған ақпарат енгізу жағдайларында лауазымды тұлғаға 100 АЕК көлемінде айыппұл салынатыны ескертілді.

Ұлан Танкибаев қатысушыларды бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау кезінде нормативтік-құқықтық актілерді қатаң сақтауға шақырды.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылар бухгалтерлік есепті мұқият жүргізу, заңнама талаптарына назар аудару және міндетті рәсімдерді уақтылы орындау қажеттігін атап өтті. Кездесу сұрақ-жауап форматында жалғасып, қатысушылар өз ұсыныстарын ортаға салды.

Өз тілшіміз.

•101 ескертеді

Балалар және өрт

Ата-аналардың ерекше бір есте сақтайтыны: балаларға отпен ойнауына жол бермеу. Олай деріміз кенеттен шыққан өрт мемлекеттік, сондай-ақ жеке адамдардың мүліктерін құртады немесе жарамсыз етіп тастайды.

Ал кейбір кездерде отпен ойнаған кінәлілердің өзі қайғылы жағдайға душар болады, қаза және жарақат алады.

Осы қайғылы оқиға неден туады десек, көп жағдайда үлкендердің өзі кінәлі. Үлкен адамдар да кей кезде оттан сақтандыру ережелерін сақтамауынан, немесе балаларға жанып жатқан пешті, газ құралдарын қаратуға қалдырғаннан өрт шығады. Сәбилер ешкімнің қарауынсыз үйде қалады да, өзінің көңілі қалаған ойындармен ойнайды. Солардың қатарында шырпымен ойнау өмірлеріне қауіпті екенін түсіне бермейді. Тағы бір айтар нәрсе балаларды үйде қалдырғанда электр қуатымен жұмыс істейтін құрал-жабдықтарды оңай жерге қоймау керек. Жанып жатқан қазандықта да, өшірген орында да балалардың сіріңкемен ойнауына жол бермеген жөн. От ойыншық емес екенін, сіріңкемен ойнауға болмайды деп балаларға түсіндіру керек. Балалардың отпен ойнауына жол бермеу өртке қарсы күрес қана емес, сонымен бірге сол балалардың денсаулығы, бақыты үшін күрес.

Міне осындай өрт қауіпсіздік ережелерін сақтасаңыз бәрі де жақсы болады. Бірақ осы қарапайым ережелерді бұзушылар көптеп кездеседі. Қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.

Т. ТӨЛЕГЕН,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Жемқорлық – сатып алу деген мағынаны білдіреді. Бұл мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстың іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы, жерлестік т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу.

Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің асқынуына ұрындырады.

Жемқорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың Конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарын орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Е. ЖАПАРҒАЛИ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға
анықтаушысы, азаматтық қорғау аға
лейтенанты.

Қарттарым - асыл қазынам

Қазақ халқы қашанда үлкенді сыйлап, қарттарын құрмет тұтқан халық. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деп бекер айтпаған.

Қарттар – елдің шежіресі, ұлттың рухани тірегі. Олардың өмір жолы – кейінгі ұрпаққа үлгі, тағылым. Әрбір қарттың артында бір өмірлік тарих, бір тағдыр жатыр. Сол өмір жолындағы еңбегі мен өнегесін жас ұрпақтың бойына сіңіру – біздің парызымыз.

1 қазан – Қарттар күні ерекше аталып өтіледі. Бұл күн – аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, оларға жылы сөз, ізгі тілек айту, көңіл бөлу күні.

Біздің қоғамда қарттарға деген сыйластық ешқашан төмендемеген, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету – қазақы тәрбиенің өзегі. Үлкеннің батасын алу – ең үлкен мәртебе. Сондықтан да қарттарымыздың ақылын тыңдап, жағдайын жасап, көңілін көтеру – әрбір азаматтың адамдық борышы.

Осы орайда Көкөзек орта мектебінде 1 қазан «Қарттар күні» мерекесіне арналған «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында ауыл қарттарымен кездесу өткізілді. Кездесуге көп жылдар бойы ауыл игілігіне еңбек еткен аға ұрпақтарымыз бен ұзақ жылдар бойы мектеп қабырғасында бала тәрбиесіне өз үлестерін қосқан ардагер ұстаздарымыз арнайы шақырылды. Қазақы салт-дәстүрдің ажырамас бөлігіне айналған батаның орны қашан да бөлек. Ауылымыздың ақсақалы Рысқұл атамыздан бата алып, үлкендердің ақ тілегін тыңдап, қарияларымызға арналған мерекелік концерттімізді көрсетіп, мектеп ұжымы атынан алғыс айтылды. Ардагер ұстаздар Иманберлинова Рәтай Мұсаевна, Қалдыбекова Менслу Шомакановна, Досымов Серікбек Қадырұлы мектебіміздің өркендеуіне қосқан үлестеріне жылы лебізімізді білдіру мақсатында алғыс хатпен марапатталды.

Қорыта айтқанда, қарттар – біздің асыл қазынамыз, өміріміздің шамшырағы. Олардың жүрек жылуы мен өмірлік тәжірибесі бізге бағыт-бағдар беретін мәңгілік рухани байлық. Қарттарын қадірлеген елдің болашағы жарқын, ұрпағы өнегелі болмақ.

К.КЫДЫРМАНОВА,
Көкөзек орта мектебінің директоры.

Сіздің құқығыңыз қорғалады

Ағымдағы жылдың 21-23 қазан аралығында облыс аумағында «Сіздің құқығыңыз қорғалады» атты акция өткізілетіндігін хабарлаймыз!

Акция мақсаты: зорлық-зомбылықтың алдын алу, тұрғындарға өз құқықтарын қорғауды және зорлық-

зомбылыққа төзбеушілікті насихаттау. Профилактикалық жұмыстар жүргізу.

К. ЖУМАТАНОВА,
Сарқан АПБ ҚҚБ-нің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы.



Конкурсқа шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
1	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
2	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
3	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
4	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
5	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
6	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
7	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
8	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
9	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
10	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
11	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
12	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
13	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты
14	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің жергілікті	Жер учаскесінің иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты	Иесінің аты

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 10 нан 21 қарашаға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың 21 қараша айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2025 жылдың 24 қараша күні 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
- 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және екісінші аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;
- 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
- 4) конкурстық ұсыныс;
- 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет: Ақшашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
- 3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.”;

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " жылғы _____ " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

№	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
1	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
2	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
3	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
4	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
5	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
6	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
7	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
8	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
9	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
10	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
11	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
12	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
13	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения
14	Адрес участка	Вид разрешенного использования	Площадь участка	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения	Вид назначения

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Саркан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 10 по 21 ноября, по адресу: (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тынышбаева №8,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 21 ноября 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытие конвертов с конкурсной документацией будет проведена 24 ноября 2025 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тауелсіздік №111) в большом зале районного акимата. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

- 1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
- 2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;
- 3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: ____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Ақсұлудай аналарды пір тұтайық!

Атқарған ел алдында еңбегі ерек,
Ақсұлудай анамызға құрмет бөлек!
Қалың Найман тәу етейік анамызға,
Рухы қолдап жүрсін желеп, жебеп!
Ұрпағына анамыздың зор еңбегі,
Борыштар оған бүкіл Найман елі.
Ата рухын асқақтатқан адал келін,
Ақылымен болжап білген келешекті.
Атына ақылы сай асыл ана,
Парасатты батыл да, батыр ана.
Бүтіндей бір руды өркендеткен,
Сезімтал, сергек жүрек сенде ғана.
Жойылудан сақтау үшін Найман елін,
Мәпелеп бақты ата, қыз-енесін.
Ақсұлудай анамызды пір тұтайық,
Өсем десең, өнем десең Қазақ Елім!
Баз кешіп қызығынан өз басыңның,
Пенделіктен бойынды аулақ салдың.

Құрбан етіп өзінді ұрпақ үшін,
Атағын Найман-ата асқақтаттың.
Қанатын кеңге жайған Найман елім,
Бұйырған бақытыңа адал келін.
Ақсұлу-ел анасы, ер анасы,
Ұлықталар ұрпағыңа келді кезің!
Жүз болып, ру болып бөлінбейік,
Ақсұлудай аналарды дәріптейік!
Өзге елдің ертегісіне алданғанша,
Анамызды аналарды-пірі дейік!
Өзіңе құрмет бөлек, тағзым бөлек,
Заманыңнан оза туған ойың зерек.
Қазағым-Қазақ болып қалу үшін,
Әр шаңыраққа АҚСҰЛУДАЙ

ана керек!

Ұлжан НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ.
Сарқан қаласы.

Сен туған күн, мерекеңімен!

Сарқан қаласында тұратын аяулы жар,
ардақты ана, қамқор әже **Отарбекова Светлана Сүлейменқызын** қазан айының 25-інші жұлдызы күнгі туған күнімен, 68 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Асыл анашым! Баршамыз сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Ғаламның ең асыл тілектерін Сізге арнаймыз. Сіз аман болыңыз, ауырмаңыз, еш мұңаймаңыз. Сіз - біз үшін ең асыл қазына, ең қымбат жансыз. Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын.

Өмір жолыңыз нұрға, көңіліңіз шаттыққа толы болсын. Балаларыңыздың қуанышын көріп, немере-шөберелердің қызығына кенеле беріңіз. Алла тағала сізге ұзақ ғұмыр мен мықты денсаулық нәсіп етсін!



Ізгі тілекпен: жолдасы, ұлы, қызы, күйеу баласы және немерелері.

●24-қазан – Кітапханашылар күні

Қай дәуір, қандай заман болмасын, кітап – адамзат ақыл-ойының, мәдениеті мен өркениетінің ең басты қазынасы болып келеді. Ал сол асыл қазынаны сақтап, насихаттап, оқырманға жеткізуші жандар – кітапханашылар.



Олар – руханияттың, білім мен мәдениеттің шырақшылары.

Қасиетті кітаптарымызды олардың ішіндегі алтынға да айырбастауға келмейтін қазыналарымызды көздерінің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылардың еңбегі орасан зор. Абыройлы мамандықтың қиындығы мен қызығын арқалап жүрген мамандық иелерінің болашақ саналы ұрпақты тәрбиелеу жолында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бүгін адалдықтың ақ жүгін арқалаған кітапханашылардың айтулы мерекесі. Яғни қазан айының жиырма төртінші жұлдызы «Кітапханашылар күні» екендігі көпшілікке белгілі.

Қазіргі таңда Сарқан ауданы бойынша 1 аудандық, 12 ауылдық кітапхана оқырмандарға қызмет көрсетеді. Бүгінгі күні кітапханада аудан бойынша оқырман саны: 14435 болса, кітап қоры: 150031 дананы құрайды.

Қазіргі заманда кітапханалар тек кітап оқитын орын ғана емес, түрлі мәдени және білім беру іс-шаралары өткізілетін орталыққа айналды. Мұнда жастар ізденіс жасап, жаңа идеялармен бөлісіп, өз ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік алады. Біздің аудандық, ауылдық кітапханалар күнделікті сан түрлі іс-шаралардың орталығына айналған. Мысалы елімізде 2025 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндерінің тізбесі бойынша көпшілік мәдени іс-шаралар өткізіледі.

Кітапханада өткізілетін көпшілік іс-шаралар: Ақпарат күні, Маман күні; Библиографиялық шолу, Кітап талқылау, Кітапханалық калейдоскоп, Поэтикалық марафон, Әдеби аукцион, Оқырман бенефисі, Кітапханалық акция, Букроссинг, Флешбук, Әдеби лото, Әдеби визит, Әдеби кеш Сыр сандық; Әдеби караоке, Әдеби вернисаж, Әдеби аукцион, Би-

КІТАПХАНАШЫЛАР –
РУХАНИЯТТЫҢ САҚШЫЛАРЫ

блиофреш, Дивертисмент кеші, Сұхбат (интервью), Сұрақтар мен жауаптар кеші, Әдеби кеш; Саяхат ойын, Ойын, Портрет кеші, Оқырман конференциясы, Печа-Куча (Pecha Kucha), Кітапханалық ореп-аіг, Сторителлинг – әңгімелеу, Фанфикшн, Кітапханалық калейдоскоп, Поэтикалық марафон, Ми шабуыл, Кітапхана қорымен таныстыруға арналған «Кітапты тап!» ойыны, Библиошар Оқырман бенефисі, Кітапханалық акция, Кітап талқылау, Сұрақтар мен жауаптар кеші, Саяхат ойын, Портрет кеші, Оқырман конференциясы, Библиографиялық шолу, Библиографиялық ойын, Тарихи круиз – тарихқа саяхат, Тич-ин – пікірталас, Тэйбл-ток- дөңгелек үстел, Стори-тэйбл (Story-tabl) - дөңгелек үстел.

Осы мақсатта аудандық кітапхана қызметкерлері: кітапхана директоры Гүлнар Мұхаметқалиева, кітапхана әдіскері: Айсулу Сейполдина, Кітапхана библиографы: Лаура Құлымбетова, кітапхана комплекаторы: Мадина Құрманбаева, кітапхана бағдарламашысы: Баян Кажыкен, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы: Алмагүл Омарова, оқу залының кітапханашысы: Айжан Сабитова сынды әріптестеріміз уақытпен санаспай руханиятымыздың алтын қазығы - әдебиетіміздің, мәдениетіміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етуде.

Кітапханашының еңбегі көзге көп көріне бермегенімен, оның қоғамдағы маңызы ерекше. Ол – тек кітап беруші қызметкер емес, оқырманның жан дүниесін түсінетін, дұрыс бағыт-бағдар бере алатын кеңесші.

Осы қатарда ауылдық елді мекендерде халыққа күнделікті қалтқысыз қызмет ететін жандардың атын атап өткім келеді. Лепсі ауылдық кітапхана қызметкерлері: Қайржанова Мадина, Мукашева Әсел, Екіаша ауылдық кітапхана қызметкерлері: Идрис Назым, Ахметова Сайра, Қойлық ауылдық кітапхана қызметкерлері: Адамбаева Айна, Есенғалиева Бұлбұл, Көкжиде ауылдық кітапхана қызметкерлері: Тенизбаева Зулфия, Скакова Элмира, Көктерек ауылдық кітапхана қызметкері: Байбаракова Жансая, Погранничник ауылдық кітапхана қызметкерлері: Раймбекова Жанар, Мырзахметова Мейрамгүл, Бақалы ауылдық кітапхана қызметкері: Құрманбаева Сауле, Черкасск ауылдық кітапхана қызметкері: Ахметжанова Самал, Шатырбай ауылдық кітапхана қызметкері: Сей-

полдина Жанылкан, М.Төлебаев ауылдық кітапхана қызметкері: Дюсембина Ақерке, Қарабөген ауылдық кітапхана қызметкері: Насырова Жанаргүл, Алмалы ауылдық кітапхана қызметкері: Токигитова Элмира, Сагимбаева Айжан.

Осынау аты аталған қызметкерлер тек кітап таратушы ғана емес, заманауи технологияларды меңгерген, оқырманды ақпарат әлемінде дұрыс бағыттау білетін кәсіби маман ретінде қоғамның сеніміне ие болып отыр деп сеніммен айта аламын.

Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты кітапханашылардың қазақ қоғамында орны тым бөлек. Цифрлық дәуірде кітапханашылардың рөлі одан сайын арта түсті деуге болады. Электронды ресурстарды меңгеру, онлайн жүйеде ақпарат іздеу мен тарату – заманауи кітапханашының басты міндеттерінің бірі. Олар жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқырманға сапалы қызмет көрсетіп, кітапхананы заман талабына сай дамытуда. Сондықтан да кітапханашы мамандығы – руханият пен мәдениеттің алтын көпірі. Кітапхана – білім бастауы болса, кітапханашы – сол бастаудың күзетшісі.

Құрметті кітапханашылар, қадірменді әріптестер! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қоғамдағы рухани құндылықтарды дәріптеп, білім мен мәдениетті насихаттау ісінде кітапханашылардың еңбегі ерекше. Сіздер – елдің рухани байлығының сақшылары, жас ұрпақтың бойына оқу мәдениетін, ізденіс пен білімге құштарлықты сіңіріп жүрген жандарсыздар.

Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, еңбектеріңізге жеміс тілейміз! Әр күніңіз оқырман ризашылығына, жаңа жетістіктер мен қуанышты сәттерге толы болсын.

Руханияттың шырағын сөндірмей, халқымыздың білім мен мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыра беріңіздер! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Гүлнар МҰХАМЕТҚАЛИЕВА,
кітапхана директоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ / ОБЪЯВЛЕНИЕ

2025 жылдың 10 қазандағы № 40 (95145) ауданның қоғамдық-саяси «Сарқан» газетіне жарияланған конкурса шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімінде төмендегідей түзетулер енгізілді.

Шатырбай ауылдық округінен шығарылған № 15 лот 350 га жайылым, № 16 лот 450 га жайылым жер деп өзгертілсін. Ал, № 22 лот алқап түрі қате кетуіне байланысты алынып тасталсын.

В районной общественно-политической газете «Сарқан» № 40 (95145) от 10 октября 2025 года в опубликованный перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, в которые выставляемых на конкурс, внесены следующие поправки.

Выставленный Шатырбайском сельском округе Лот № 15 изменить на 350 га пастбищ, № 16 изменить на 450 га пастбищ, а лот № 22 исключить из списка в связи с ошибкой в указании вида угодий.

Сарқан ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі Сарқан ауданының Құрметті азаматы Сәрсенбаев Азамат Сламжанұлына інісі

Салауат СЛАМЖАНҰЛЫНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты отбасының қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

Жарамсыз деп танылсын

Долженко Анатолий Ивановичтің атына тіркелген КамаЗ 55102 маркалы автокөліктің 845 АВЕ 05 мемлекеттік тіркеу нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

SARQAN

Құрылтайшысы:

"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГИМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202, 15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.